

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТОҚЫМА ӨНДІРІСІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Андатпа

Еліміздің тоқыма өндірісін дамытудың тиімділігі оның шитті мақтаны өндірумен айналысатын шаруашылық субъектілер үшін де, мақта өңдеу кәсіпорындары үшін де аса пайдалы екендігімен айқындалады. Себебі, тоқыма өндірісі жүйесінде шитті мақтаны өндірушілер өз өнімін уақытылы және толық мөлшерде өткізуге, ал өңдеу кәсіпорындары өндірістік қуатын толық іске қосуға мүмкіндік алады. Демек, қазіргі дамыған нарықтық қатынастар кезеңінде отандық тоқыма кәсіпорындарының өндірістік-экономикалық әлеуетін шектейтін елеулі тосқауылдар нәтижесі осындай көлемдегі ауқымды міндеттердің шешімін қамтамасыз ете алмауда. Бұл әрине, республиканың Оңтүстік Қазақстан облысындағы қаржылық дәрменсіз тоқыма кәсіпорындарын экономикалық тұрғыдан жетілдіру процестерін тежейді. Сондықтан бұл мақалада өндірістің жұмысынан жақсы экономикалық нәтиже алу үшін оның ауқымын кеңейтіп, кәсіпорындардың мақта-тоқыма саласына мамандануын тереңдету, өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін көтеру, ғылыми-техникалық жетістіктерді өндіруге инвестиция тартудың басым бағыттарын анықтау мәселелері зерттеледі. Өйткені тоқыма өндірісін дамыту жекелеген компаниялар мен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы болып табылады. Отандық экономиканың тоқыма өнімдерінің импортына тәуелділігін жою шартымен «Оңтүстік» еркін экономикалық аймағын іске асыру ондағы өнім сапасы мен түрлерін жақсарту есебінен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, кәсіпорындардың технологиялық артта қалу мәселесін түпкілікті шешуге, өндіріс шығындарын азайтуға, әлемдік экономикаға ену процесін жылдамдатуға елеулі мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: ауыл шаруашылығы, мақта, кластер, өндірістік кешен, өнеркәсіп, технология, әлеует, бәсекеге қабілеттілік.

Ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру, әлемдік және ішкі нарықтағы отандық кәсіпорындардың қызмет тиімділігін көтеру кез-келген елдің экономикалық саясатының мақсаты болып табылады.

Өйткені тоқыма өндірісі мақта нарығының қатысушылары үшін экономикалық жағынан тиімді болып табылады. Себебі, ол шығарған өнімнің соңғы тұтынушыға дейін жетуін жеделдеті отырып, өндіргіш күштердің әлеуетін күшейтуге, өнім өндірісі көлемін ұлғайтуға, өндірістік қатынастарды жетілдіруге және өндіріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді [1]. Сондықтан, қазақстандық экономиканы дамытудың қазіргі кезеңдегі басты міндеті экономиканың шикізаттық емес секторына инвестиция тартуға, кластерлерді және бір-бірімен байланысты салалар мен өндірістердің тізбегін дамыту жөніндегі жобаларды жедел жүзеге асыруға, осылайша бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтерді өндіруге бағытталуда.

2014 жылы Мемлекет басшысының 100 миллиард теңге көлемінде бөлген қаражаты Қазақстанның экономикасын қолдау үшін құрылған үлкен механизмнің бастауы болып саналады. Жобалардың басым бөлігі аз уақыт ішінде қолдауға ие болып, жүзеге асырылды. Солардың бірі тоқыма өнеркәсібінде 22 жобаға 2 357 млн теңге, ал өңдеуші өнеркәсіптің өзге түрлеріндегі 15 жобаға 1 751 млн теңге қаржыландырылды [2].

Бүгінде Қазақстан Республикасы индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында «Оңтүстік» АЭА аумағында 24,8 млрд теңгені құрайтын 10 инвестициялық жоба іске асып, 2145 жұмыс орны ашылған [3]. Соның ішінде «Оху Textile» жіп иіру фабрикасы да 2016 жылы қайта іске қосылған. Бүгінде фабрикада тоқсаннан астам адам жұмыс жасап келеді. Қуатына толық енгеннен кейін 270 адамға жұмыс орны ашылмақ ниетте екендігін көрсетіп отыр [4]. Демек, еліміз шикізаттық бағыттың басымдығынан туатын қауіпті түсіне отырып, өндірісте ғылыми қамтымды жоғары технологияны қолданатын өндірісті дамытуға бағытталған жаңа экономикалық саясатты қалыптастыруда. Мұндағы маңыздысы – еліміздегі қаржылық, техникалық ресурстардың тапшылығына қарамастан, мемлекеттің осы мәселеге

тікелей ынталы болуында. Осыған орай, Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Меланж» АҚ мен «Ютекс» АҚ кәсіпорындарының өндірісі де 2015 жылдан бастап қайта іске қосылған. «Меланж» АҚ – жергілікті шикізатты қолданудан мақтадан иірілген жіпті шығаратын (мақталық маталар), мақта иіруші фабрика. Өнімі Қазақстанға, Ресейге, Түркияға сатылады. «Ютекс» АҚ – мақта талшығын өңдейтін кәсіпорын (мақталық тоқыма жібі, кездемелер), жергілікті нарықпен Ресей, Украинаға сатуға кететін, оның шығаруының жоспарлы қуаттылығы жылына мақтадан иірілген жіптің шамамен 6 мың тоннасын құрайды. Сонымен қатар индустрияландыру картасына қосу үшін 2015 жылы 5 жоба мақұлданған. Олар: «Бал текстиль» ЖШС – синтетикалық жіптер өндірісі; «Назар текстиль» ЖШС – синтетикалық иірім жіптер өндірісі; «Нур аби агро» ЖШС – полипропиленді жіптер, синтепон, ватин және толтырғыштар өндірісі; «Ансат текстиль» ЖШС – химиялық талшық өндірісі; «Dolce» ЖШС – тоқыма өндірісі болып табылады. Бүгінде іске қосылған кәсіпорындардың оң қарқынына қарамастан, бірқатар жүйелі шешілмеген мәселелері де баршылық. Олар:

- ♦ тоқыма кәсіпорындарының шикізатты жеткізетін ауыл шаруашылық өндірушілеріне тәуелділігі;
- ♦ кәсіпорындарда іскерлік белсенділіктің, жаңаша бағдарламаларға қызығушылықтың төмендігі;
- ♦ кәсіпорындардағы маркетингтік қызметтің төмен болуы, өндірілетін тауар жарнамасының болмауы;
- ♦ кәсіпорындарды алға бастырудағы айналым қаражатының жетіспеушілігі.

Кезінде Мемлекет басшысының инициативасы бойынша бұдан бірнеше жыл бұрын кластерлік бастама атауымен және үкімет, аймақтық басқару органдарының қатысуымен құрылған «Оңтүстік» АЭА тиісті деңгейде іске асырылмауының басты себебі инновацияны ендіру үшін қажетті қаржы ресурстарына ие ішкі және сыртқы аграрлық нарықта табысты бәсекелесе алатын ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен шаруашылықтарды қалыптастыру процесінің аяқталмауы болып табылды. Оның үстіне ауыл шаруашылық шикізатын өңдейтін қайта өңдеуші кәсіпорындар ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен интеграциялану бастамасын қолдамады.

Интеграцияға бірігудің басты критерийі осы бірігуден түсетін экономикалық тиімділік болып табылады. Бұл бірлестікті құрудағы басты міндет қалыптастырудың алғашқы кезеңінде, сондай-ақ жұмыстың жобалық режиміне шыққаннан кейін де қатысушылардың экономикалық жағдайын теңестіру екендігі белгілі. Сондықтан, кооперация, интеграция және кластерге бөлу негізінде мақта кешенін дамытуға және оның тиімділігін арттыруға, шаруашылық жүргізудің тиімді тетіктерін дайындауға, мақта кешенінің өнімдерін өндіру, толық өңдеу және өткізу процестеріндегі ұйымдық-экономикалық қатынастарды жетілдіруге арналған жаңаша стратегиялық бағыт-бағдары анық болуы қажет. Сондай-ақ, өндірістік кластерлерді ұйымдастыру жоғары технология мен ғылыми жетістіктерді қолдана отырып, өндірушіден тұтынушыға дейінгі барлық қатысушылардың күш жігерімен құрылған нәтижесі соңғы өнім болып табылатын бір технологиялық процеспен біріктірілген әртүрлі функцияларды орындайтын сала кәсіпорындарының кооперациясын көздейді (сурет 1, б. 79).

Бір-бірімен байланысты салалардың арасындағы өзара тиімді экономикалық қарым-қатынастарды құру үшін өнімдердің оңтайлы бағалық қатынасын анықтау керек. Бірінші кезекте, бұл тоқыма өнеркәсібіне шикізат (мақта) жеткізетін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің өнімдеріне тікелей қатысты болып табылады [5].

Сондықтан жақын болашақта Оңтүстік Қазақстан облысының мақта-тоқыма өнеркәсібі мақта талшығынан жіп иіру процесін жетілдіруге, ұлғайтуға және дайын өнім жасауға бағытталу қажет. Өйткені, мақта талшығына қарағанда мақта-қағаз иірімжібі қосылған құны жоғары әрі әлемдік нарықтарда кең сұранысқа ие өнімдердің санатына кіреді. Осы саланың бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында экспортқа бағдарланған сан алуан иірімжіп түрлерін өндіру, өнім сапасын жақсарту және оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру шараларын реттеу қажет. Осындай қатынастардың аясында шикізатпен жабдықтаудың, шитті мақтаны толығымен өңдеудің, «өндіру-өңдеу-өткізу» технологиялық тізбегінің дамуын ынталандырудың тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Осының бәрі шитті мақта өндірісін ұлғайтуға, мақтаны толығымен өңдеуге және дайын мақта өнімдерін өткізуге мүмкіндік береді.



Сурет 1 – Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақта-тоқыма кластерінің жұмыс жасау сызбасы

Мақтаның экспортқа тасымалын ынталандыру сыртқы нарық конъюнктурасын тиімді реттеуге, мақта өндірісінің табыстылығы мен саланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, жеке шаруашылықтардың тауар өндірісіне көшуін жеделдетуге, қосымша несиелік ресурстар беру мен дайындау-өткізу қызметтерін көрсетуші кооперативтер желісін дамытуға септігін тигізеді. Демек, импорттың артуына, оның үлкен өзіндік құнына, дайын тоқыма өнімі өндірісінің азаюына себепші болатын дайын тоқыма өнімін соңғы пайдаланудың өндірісіне дейін қолданылатын, матаның толық тізбектік өндірісі жоқтың қасы. Мәселен, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанды алып қарайтын болсақ мақтадан иірілген жіп өндірісі 1992 жылдан кейін шамамен 90%-ға қатты төмендеген. Тәжікстан Республикасының үкметімен «2010–2014 жылдарға Тәжікстан Республикасында мақта шаруашылығын дамыту бағдарламасы» және «2015 жыл кезеңінде Тәжікстан Республикасында өндірілетін мақта талшығының толық өңдеушілік бағдарламасы» қабылданған болатын. Алайда, бұл бағдарламаға қойылған нақты жоспарлар дәл солай іске аса алмаған. Басқа да мақта-шикізаты өндірісінің көлемінің жыл сайынғы қысқарулары нәтижесінде, Тәжікстан Республикасындағы мақта өңдеу көлемі төмен деңгейде болып қалуда.

Кесте 1 – Орталық Азиядағы мақтадан иірілген жіп өндірісі мың тонна

Елдер	1992 ж.	1996 ж.	2001 ж.	2006 ж.	2011 ж.	2014 ж.
Қазақстан	41	4	1	6	3	4
Қырғызстан	22	6	1	2	1	1
Тәжікстан	24	12	14	10	5	9
Түркменстан	21	26	54	80	103	128
Өзбекстан	183	105	181	144	200	219
Барлық Орталық Азия	291	153	251	242	312	361

Ескертпе – Мәліметтер негізінде автормен жасалды.

Мақтаның 90% жуығы маталарды өңдеудің дамыған мүмкіншіліктері бар елдерге экспортқа жөнелтілген. Ал, Тәжікстанда 2015 жылға дейінгі кезеңде бұл республикадағы өндірілетін мақта талшығын толық өңдеудің бағдарламасына сәйкес 45 жаңа тоқыма кәсіпорындары істеп кетуі керек еді. Бұның орнына бүгінде құрал-жабдықтардың біразы ескі және тұрып қалған кәсіпорындардың терең дағдарысын байқауымызға болады. 2014 жылы мынадай «Файзи ис-

тиклол 2011», «Ресандаи Кургонтеппа», «Хима-текстиль», «Вализодаи Ниёз», «Авесто 2010», «Тоджи Гафуров» және басқа да кәсіпорындар толығымен істей бастаған. Ал, Қазақстанның сол бір уақыттардағы өндіріс ауқымы Өзбекстан мен Түркменстаннан едәуір төмен еді.

Бүгінде Өзбекстан мен Түркменістан әсіресе табысты тоқыма өндірісі тізбегінің қосылған құнын үздіксіз арттырудың мақта талшығынан бастап дайын киімге дейінгі өндірістің барлық даму сатысын қолға алған. Тіпті сонымен орталық екі елде бұрынғысынша мақтаға, сондай-ақ мақта иіру жібi өндірісіне шоғырланған. Соңғы он жылда қосымша өндірістік қуаттар сонымен қатар өндірістің келесі кезеңінде сондай тоқымашылық пен трикотаж өндірісі, өңдеу және тігін өндірісі бірте-бірте табысты құрыла бастаған. Әсіресе мақтадан иірілген жібi өндірісінің жоғары серпінін Түркменстан көрсеткен.

Ұлттық және мемлекеттік бағдарламаға сәйкес қазіргі кезде ұлттық экономиканың әртараптануына бағытталған, оған инновациялық сипат беретін елде ірі ауқымды реформалар іске асырылуда. Салалардағы ең маңызды міндеттердің бірі – өңделетін мақта талшығы көлемінің өсімін арттыру, мұның мәнісі, әлеуметтік саясаттың негізгі факторы болып келетін жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады. Қазіргі таңда Түркменстанда мақта өңдеу бойынша комбинаттардың экспортқа бағдарланған жоғары технологияларын қосатын толық қайта өңдеуші инфрақұрылымдары қалыптасқан.

Ал, елімізде мата импортының сандық көрсеткіштері әлі де маңызды – олардың шамамен жетпіс пайызына жуығы Ресейден импортталады. Бізде оның өндірістік тізбектік үлесі әзірге жеткіліксіз дамыған. Мата өндірісі үшін тоқыма құрал-жабдықтары нарық икемділігіне тапшы болып келеді. Сондай-ақ, импортталатын жұмсақ түкті көрпе мен пледтердің саны 90%-ға, соның ішінде Қытайдан келетін импорт – 53%, ал Ресейден келетін импорт – 10%-ға жақындайды. Свитерлер мен жемпірлердің импорты – шамамен 83%, кілемдердікі – 85%, трикотажды киімдердің – 46%, төсек жабындылардың – 12% сырттан әкелінеді. Тоқыма және тігін кәсіпорындардың 70–80% нарықта арнаулы жұмыс киімдермен, әдеттегідей, өзінің өнімін күшпен немесе басқа да арнаулы құрылымдарға арнап жұмыс істейді. ОҚО өндірістік циклдің бұл бөлігі тапшылық жағдайда. Қуаттарды толық іске қоспау, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстарға тәуелді болу, айналым қаражатының жеткіліксіздігі, өнімді сатудың нарықтық құралдарын пайдаланбау тәрізді саланың мәселелері бүгінге дейін өзекті болып отыр. Демек тұрақты болып тігін өнеркәсібі ғана дамуда, оның соңғы 7 жылдағы нақты өсімі оң серпінін көрсетіп отыр.

Бүгінде облыста жаңаша тоқыма өндірісі негізінде және ескінің модернизациясын инвестициялайтын бірнеше жаңа кәсіпорындар күш жинап жатыр. Іске қосылуы жоспарланған және істеп тұрған барлық тоқыма компанияларын толық іске қосқан күннің өзінде ішкі тұтыну көлемі шамамен жалпы өндірілген мақтаның 35% қамтиды. Алайда, жеткізілетін шикізат көлеміне қарамастан өндірілетін мақта талшығының сапасы әрдайым жоғары сапалы өнім талаптарына жауап бермейді. Оның үстіне Оңтүстік өңірде бәсеке тым үлкен – жоғары сапалы мақта өнімін Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстанда ғана өндіреді.

Соңғы жылдары көптеген ірі түрік кәсіпорындарын алып қарайтын болсақ олар холдингтерге бірігуде. Өйткені бұл экономикалық жағынан тиімді болып келеді. Бұл холдингтерде мақта талшықтары мен қайта өңдеуден басталған тігін бұйымдарын өндіруге дейінгі өндірістік кезеңі іске асырылады. Бұл бәсеке деңгейіндегі бағаны ұстап қалуға мүмкіншілік береді. Бүгінгі түрік тоқыма өнеркәсіптері заманауи құралдармен жабдықтау бойынша әлемдегі көшбасшыларының бірі болып табылады [6]. Сондықтан өнеркәсіптің сәтті дамуы сапалы да білікті адам капиталының болуына негізделетіндіктен, өңірдегі мақта-тоқыма саласын кәсіби мамандармен қамтамасыз ететін жоғары оқу орындары мен кәсіптік техникалық колледждерге маңыз берілу керек. Сондай-ақ, салалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ел ішінде және ел тысында мамандарды оқытуға жұмсалатын шығындарды ұлғайту қажет. Осыған орай, экономиканың тоқыма өндірісін дамыту үшін барлық жағдайлар жасалуы тиіс. Бұл үшін қосымша құны жоғары ғылыми талданып енгізілген жоғары технологиялық өндірістерді ендіру, экономикалық өсу қарқыны мен сапасына едәуір шынайы ықпал ететін инвестициялық процестерді жүзеге асыру керек. Сонымен қатар төмендегідей іс-шаралар да жасалуы тиіс:

- ♦ өнеркәсіп кәсіпорындарында салық ставкасын төмендету (мәселен әлемнің озық елдерінде тоқыма өндірісін заман талабына сай дамыту үшін салық жеңілдіктерін қолданылады);
 - ♦ кәсіпорындардың несиеге деген қол жетімділігін арттыру, пайыздық ставкасын азайту (жаңадан бастап жатқан кәсіпорындарды несиелендіру);
 - ♦ кәсіпорындардың маркетингтік қызметіне білікті маркетингтерді тарту және қаржы салымдарын арттыру, өндірілетін отандық өнімдерге сұранысты арттыру, ынталандыру шараларын жүргізу;
 - ♦ кооперация, интеграция негізінде қайта өңдеуші тоқыма өндірісін дамыту.
- Біздің ойымызша, осы аталған шараларды іске асыру алдағы болашақта дайын тоқыма өнімі өндірісімен шығуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Акимбекова Г.У. Развитие кластерной системы в АПК Казахстана // Проблемы агрорынка. – Алматы. – 2006. – № 3. – С. 109.
- 2 «Бәйтерек» холдингі компаниялар тобының ҰИИД МБ аясындағы қызмет көрсеткіштері // Егемен Қазақстан. – 2014. – Қазан. – № 31. – Б. 12.
- 3 Оңтүстікте он екі жоба сәтті жүзеге асырылуда. – 2014, қараша – 6: <https://i-news.kz/news/2014/>.
- 4 Холдинг қолтығынан демеген. «Оху Textile» жіп иіру фабрикасы жұмысын бастады // Егемен Қазақстан. – 2015. – № 48(28526). – Наурыз 13. – Б. 1.
- 5 Алимбаев А.А., Таубаев А.А. Усиление роли кластеров инновационно-технологическом развитии региона // Проблемы обеспечения конкурентоспособности экономики Казахстана: материалы международной научно-практической конференции. – Кокшетау, 2005. – С. 11–13.
- 6 Mombekova G., Turysbekova G., Baimbetova A. Managing Innovational Processes at Cotton Processing Enterprises in Central Asia Countries // International Journal of Economics and Financial Issues. – Turkey. – 2016. – P. 1-8.

Аннотация

Эффективность развития текстильной промышленности в стране определяется тем, что она выгодна как для субъектов хозяйствования, занимающихся производством хлопка-сырца, так и для предприятий по переработке хлопка. Причина в том, что в текстильной производственной системе производители хлопка-сырца могут своевременно выпускать свою продукцию, а перерабатывающие предприятия могут полностью запустить производственные мощности. Наличие значительных барьеров для производственно-экономического потенциала отечественных текстильных предприятий в период передовых рыночных отношений не может обеспечить решение задач такого масштаба. Это, конечно, мешало процессам экономической модернизации финансово несостоятельных текстильных предприятий в Южно-Казахстанской области. Поэтому в статье рассматриваются вопросы расширения масштабов производства для получения хорошего экономического эффекта от работы предприятия, углубления специализации предприятий в хлопко-текстильной промышленности, повышения качества и конкурентоспособности продукции, определения приоритетных направлений привлечения инвестиций в реализацию научно-технических достижений. Развитие текстильной продукции является важным фактором повышения конкурентоспособности отдельных компаний и национальной экономики. Внедрение «южной» свободной экономической зоны с устранением зависимости отечественной экономики от импорта текстильных изделий даст значительную возможность повысить свою конкурентоспособность за счет улучшения качества и типов продукции, окончательного решения проблемы технологического отставания предприятий, снижения издержек производства, ускорения процесса выхода на международный рынок.

Ключевые слова: сельское хозяйство, хлопок, кластер, промышленный комплекс, промышленность, технология, потенциал, конкурентоспособность.

Abstract

The effectiveness of the textile industry development in the country is determined by the fact that it is beneficial both for business entities engaged in the production of raw cotton and for cotton processing enterprises. The reason is that in the textile production system, producers of raw cotton will be able to carry out their products in a timely manner, and the processing enterprises will be able to fully start production capacity. Consequently, the result of

significant barriers to the production and economic potential of the domestic textile enterprises during the period of advanced market relations can not provide solutions to large-scale tasks of this scale. This, of course, hampered the processes of economic modernization of financial unsuccessful textile enterprises in the South Kazakhstan region. Therefore, this article explores the issues of extending the scale of production to obtain good economic effect from the work of the enterprise, deepening of the specialization of enterprises in the cotton-textile industry, improving the quality and competitiveness of products, identifying priority areas for attracting investments in the implementation of scientific and technical achievements. The development of textile production is an important factor for increasing the competitiveness of individual companies and the national economy. The implementation of the «South» Free Economic Zone with the elimination of the dependence of the domestic economy on the import of textile products will give a significant opportunity to improve its competitiveness by improving the quality and types of products, final solution of the problem of technological backlog of enterprises, reduction of production costs, acceleration of the process of entering the world economy.

Key words: agriculture, cotton, cluster, industrial complex, industry, technology, potential, competitiveness.